

*Балаларды қорғау күні
«Сәбидің күлкісі – әлемнің сыңғыры».*



Тәрбиеші: Бимашева Г.Б.

Тақырыбы: «Сәбидің күлкісі – әлемнің сыңғыры».

(Музыка әуенімен ішке қоян мен сайқымазақ кіреді)

Қоян мен сайқымазақ: -Сәлем, сәлем балақай! Көңіл- күйлерің қалай? Бүгінгі мерекеде өзімізбен бірге сіздерге жақсы көңіл күй және қызықты ойындарымызды да ала келдік.

Сайқымазақ: Бүгін қандай мерекені тойлап жатырсыңдар?

Балалар: Бүгін біздің мереке.

Сайқымазақ:

Бақшаға біз гүл ексек,
Балдырғаным, сен үшін,
Бақытты бол, өсе бер,
Құтты болсын мерекең!

«Сәбидің күлкісі – әлемнің сыңғыры» атты мерекелік іс шарамызды бастаймыз.

Сайқымазақ:

Таудай болған талабы,
Кім сүймейді баланы.
Бақшалардан басталған,
Сәбилердің қадамы.

Балабақшамыздың кішкентай бүлдіршіндерінің бүгінгі мерекелік тақпақтарына кезек берейік.

Айлар:

Алақай-ау, алақай,
Той тойлайық балақай.

Ильяс:

Қызарғанша алақан,
Қол соғайық балақан.

Рамазан:

Біз бақыттымыз баламыз,
Ақылдымыз данамыз.
Ертеңгі күн еліміздің,
Батырлары боламыз.

Динара:

Бізбен бірге бар әлем,
Қуанады балаша.
Қуанышқа бөленген,
Өмір қандай тамаша.

Қоян:

Ойын: «Кім жылдам» деп аталатын ойын ойнаймыз. Ол үшін маған 3 бала шыға қойыңыздар. Алдарымызда тұрған жануарларды жіпті байлау арқылы тамақтандырамыз. Қай жануар бірінші тамақтанса, сол жеңіске жеткені.

Сайқымазақ:

Мың бұрала шалқытып,
Кәне биле балақан.

Қосылайық биіңе,
Шапалақтап алақан.
«Үнді» биімен қыздарымызды қарсы алайық.
«Үнді биі»

Сайқымазақ:

Ойын: «Шаш өру» Қыздардың шашын әдемілеп сәңдейміз. Ол үшін маған 4 қыз шыға қойыңыздар.

Ал енді кезекті әнге берейік.
Ән «Еркесімін»

Қоян:

Ойын. «Тамақтандыр». Маған ортаға 5 бала келесеңіздер. Кішкентай доптарды айналдыру арқылы, ортасына түсіру керек.

Музыкалық ырғақты ойын: «Бас, тізе, аяқ»
Барлығымыз орнымыздан тұрып бірге қайталаймыз.

Жүргізуші:

Отанменен бірге біздің жанымыз,

Жарасып тұр әніңіз бен сәніңіз.

Бірлік қонған ұлан байтақ елімде,

Өмір сүрген бақыттымыз бәріміз.

Бүгінгі 1 – маусым Халықаралық Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік тілекті балалабақша меңгерушісі Шара Тлектесқызына беріледі.









